

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Ю дыбысы және әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.05.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/73046/>

## Түркістаноблысы

## Арысқаласы

## №4 «Бастауыш» мектебі

## Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі:

## Култаева Дарига Абдраимовна

МАД	Тәрбиеші: Култаева Дарига	пәні: сауат ашу	күні:
Тақырыбы	Ю дыбысы және әрпі		
Сабақтың мақсаты	1. Сөздер оқыту, сөйлемдер құрату. 2. Сөздік қорын, тіл байлығын, ой — өрісін дамыту. Сауатты көркем жазуға тәсілдіру. 3. Еңбексүйгіштікке, шабыттылыққа тәрбиелеу.		
Көрнекіліктер	Үлестірмелі суреттер, плакат т.б		
Іс-әрекет кезеңдері	<b>Тәрбиеші әрекеті</b>	<b>Балалардың іс — әрекеті</b>	
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Психологиялық даярлық жасау. Сабақтың ұранын еске түсіру. Әнімізге ұласар Әннің аты Әліппе. Бәрімізге тілашар Кітабымыз Әліппе.	Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.	
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	— Балалар, тақтаға қараңдаршы «Сиқырлы әріптер» бізге тағы да тапсырма дайындапты. Суреттен нені көріп тұрсыңдар? — Ою. — Астындағы тапсырманың сырын табалық, мұнда бір дыбыс белгілі, ол – О, ал белгісіз дыбыс қандай дыбыс? — Белгісіз дыбыс – Ю. Ендеше, балалар бүгінгі өтетін, танысатын дыбысымыз – Ю. (Оқушылармен Ю дыбысын хормен айтып, дыбыстық мінездеме жасаймыз). Дауысты дыбысты айтқанда өкпедегі ауа ауыз қуысында еш кедергіге ұшырамай шығады, яғни Ю – дауысты дыбыс. Ю дыбысы тағы қандай сөздерде кездесуі мүмкін? Мынау ненің суреті? (Аю) Қанша дыбыс естіліп тұр? (Яғни бұл дыбыс қосарлы дыбыс) Ю дыбысының әріп таңбасымен таныстыру. Ю – Й + У Балалар, тағы да «Сиқырлы әріптердің» тапсырмасы. Қима буын арқылы сөз жазу. 1 – қатар 2 – қатар 3 – қатар Со То Ба Оқулықпен жұмыс: • Сөздерді оқыту • Мәтінді оқыту • Жазба сөйлемді оқыту.		Балалар барлық қимылдарды тәрбиешіге қарап, қайталайды. Берілген тапсырмаларды орындайды.

<b>Сергіту сәті</b>	«Сөз құра». Балалар мұғаліммен айтылған буындардан сөз құрайды. Буындар түрлі-түсті әдемі болуы мүмкін. Мысалы: гүлшоғырынажиналатын шар немесе гүлдер түрінде.	Оқушылар ойын ойнайды
<b>Рефлексивті — түзетушілік</b>	«Әжемекөмек» ойыны. Әжеміздің оюы сияқты біз де дәптерімізге әдемілеп, Ю юәрпін, және Ю әрпі бар сөз жазайық.	Тапсырмаларды әр бала өз алдына ерекше орындады.
Күтілетін нәтиже:		
<b>Білу</b>	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
<b>Өзіне үйренгені</b>	Ю әрпін жазып, оқып үйренеді	
<b>Үйрену</b>	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.